

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАТАҢ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ Артикуляциясын оқытудың көрнекі әдістемесі

Арман Жүнісбек

Кіріспе сұрақтар:

1. Қатаң дауыссыз дыбыстардың құрамы?
2. Қатаң дауыссыз дыбыстардың айырым және ортақ белгілері?
3. Қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалымына дауыс желбезегінің қатысы?

4. *К/К* дауыссыздарының өзге (ағылшын, орыс) тілдерінің осы тектес дауыссыздарынан айырмашылығы?

Қатаң дауыссыз дыбыстардың құрамына *П, Т, Қ(-К), С, Ш* енеді. Егер фонетикалық тұрғыдан алсақ, алты дауыссыз, ал фонологиялық (үндесім немесе сингармонизм) тұрғысынан алсақ бес дауыссыз болып табылады. Біз бұл жерде *Қ(-К)* дауыссыздарының фонетика-фонологиялық мәртебесіне (статусына) қатысты түркологиядағы мамандар арасындағы пікір-сайысқа тоқталып жатпаймыз [1]. Ол жағы лингвистерге белгілі. Тек фонетикалық модель жасасақ, онда екеуін екі дыбыс деп санаймыз, ал фонологиялық (сингармониялық) модель жасасақ, онда бір фонема деп санаймыз [2].

Қатаң дауыссыздар жасалу орнына қарай төрт топқа жіктеледі: ерін арқылы - *П*, тіл ұшы арқылы - *Т, С, Ш*, тіл ортасы арқылы - *К*, тілшік арқылы - *Қ* жасалады. Аталған дауыссыздардың алғашқы төртеуінің жасалу орны жайлы ғылыми пікір ортақ. Ал соңғы екеуі жайлы ала-ғұла пікір байқалады *К* кейде тіл алды, кейде тіл арты деп аталса, *Қ* көбінесе тіл арты, кейде терен тіл арты (глубокозаднеязычный), тіпті көмей деп те аталады. Шындығында «Грамматикада» берілген анықтамаға тоқтау керек сықылды. Онда *К* – тіл ортасы, *Қ* – тілшік арқылы жасалады делінген. Егер қазақ тілінің артикуляциялық базасының өзіндік ерекшелігін ескерсек, соңғы анықтама көңілге қонады.


Мұны рентгенсызба негізінде жасалған біздің моделдеріміз де дәлелдеп отыр. Практикалық тіл үйрету үстінде де олардың жасалу орнын (артикуляциясын) анық сезуге болады. Студенттердің де тіл үйренімі осыны көрсетіп келеді.

Қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалым үлгісі олардың өзара айырым түрлерін көрнекі көрсетеді. Әрбір дыбыстың сипаттамасын көрнекі моделмен тиянақтап отырмыз. Ендеше дыбыс жасалымының сипаттамасы бұл жерде де дәстүрлі фонетикадағыдай абстракт баяндау емес. Және де дауыссыздардың жасалым сипаттамасына тың өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отыруға тура келді.

П дауыссызы ерін арқылы жасалады, оның жасалу орны ерін болып табылады. Екі еріннің өзара тоғысуы арқылы жасалады, оның жасалу амалы тоғысынқы болып табылады. *П* қатаң дауыссыз дыбысының жасалым моделі

1 суретте берілген. Дауыс желбезегінің тыныш қалпы (түзу сызық) арнайы бөлектеңіп көрсетілген. *Дауыс желбезегінің бұл қалпы қатаң дауыссыздарының бәріне тән болғандықтан, оның тербеліссіз қалпын әр дыбыс сайын қайталап жатпаймыз.*

T дауыссызы тіл ұшы арқылы жасалады, оның жасалу орны тіл ұшы болып табылады. Аталған дауыссыздың жасалу орны кей фонетикалық әдебиеттерде тіс деп те көрсетіліп жүр. Жалпы дыбыстың жасалу орнын белсенді сөйлеу мүшесіне қатысты белгілеген жөн. Сондықтан да тіл ұшы дегенге тоқталып отырмыз. Тіл ұшы мен тістің түбінің өзара тоғысуы арқылы жасалады, оның жасалу амалы тоғысыңқы болып табылады. *T* қатаң дауыссыз дыбысының жасалым моделі 2 суретте берілген.




1 сурет. *P* дауыссызының жасалым моделі

2 сурет. *T* дауыссызының жасалым моделі

Қ дауыссызы тілшік арқылы жасалады, оның жасалу орны тілшік болып табылады. Аталған дауыссыздың жасалу орны кей фонетикалық әдебиеттерде тіл арты деп те көрсетіліп жүр. Дыбыстың жасалу орны осы күнге дейін жаңсақ көрсетіліп келеді. Сондықтан да тілшік дегенге тоқталып отырмыз. Оның жасалу орнының анықтамасы да дәл осылай көрсетілу керек. Тілшік пен тілдің түбінің өзара тоғысуы арқылы жасалады, оның жасалу амалы тоғысыңқы болып табылады. *Қ* қатаң дауыссыз дыбысының жасалым моделі 3 суретте берілген.

К дауыссызы тілдің ортасы арқылы жасалады, оның жасалу орны тіл ортасы болып табылады. Аталған дауыссыздың жасалу орны кей фонетикалық әдебиеттерде тіл арты деп те көрсетіліп жүр. Дыбыстың жасалу орны осы күнге дейін әртүрлі көрсетіліп келеді. Сондықтан да тіл ортасы дегенге тоқталып отырмыз. Оның жасалу орнының анықтамасы да дәл осылай көрсетілуі керек. Тіл ортасы мен таңдайдың өзара тоғысуы арқылы жасалады, оның жасалу амалы тоғысыңқы болып табылады. *К* қатаң дауыссыз дыбысының жасалым моделі 4 суретте берілген.




3 сурет. Қ дауыссызының жасалым моделі

4 сурет. Қ дауыссызының жасалым моделі

С дауыссызы тіл ұшы арқылы жасалады, оның жасалу орны тіл ұшы болып табылады. Аталған дауыссыздың да жасалу орны кей фонетикалық әдебиеттерде тіс деп көрсетіліп жүр. Біз болсақ тіл ұшы дегенге тоқталып отырмыз. Тіл ұшы мен тістің түбінің өзара жуысуы арқылы жасалады, оның жасалу амалы жуысыңқы болып табылады. С тербеліссіз дауыссыз дыбысының жасалым моделі 5 суретте берілген. Жалпы фонетикада (общая фонетика) С дауыссызы «однофокусный, круглощелевой» деп аталып жүр. Ондағы мақсат - оның тек тіл ұшының көтерілуі арқылы жасалатынын көрсету. Осы анықтама қазақ фонетикасына өтіп кеткен. «Грамматикада» мұның жаңаша «жинақы жуысыңқы» деген анықтамасын кездестіреміз. Дұрысы осы анықтама болу керек. Сондықтан біздің рентгенсызба моделімізде жинақы дауыссыздардың жасалымын көрсету үшін арнайы сызық қосылған. Ол қызыл иектен кейін орналасқан бірінші сызық. Тіл ұшының тістің түбіне жиналып барып жуысқанын бейнелейді.

Ш дауыссызы тіл ұшы арқылы жасалады, оның жасалу орны тіл ұшы болып табылады. Аталған дауыссыздың да жасалу орны кей фонетикалық әдебиеттерде тіс деп көрсетіліп жүр. Біз болсақ бұл жерде де тіл ұшы дегенге тоқталып отырмыз. Тіл ұшы мен тістің түбінің өзара жуысуы арқылы жасалады, оның жасалу амалы жуысыңқы болып табылады. Ш қатаң дауыссыз дыбысының жасалым моделі 6 суретте берілген. Жалпы фонетикада (общая фонетика) Ш дауыссызы «двухфокусный, плоскощелевой» деп аталып жүр. Ондағы мақсат - оның тіл ұшымен қоса тілдің орта тұсы көтерілуі арқылы жасалатынын көрсету (тілдің екі жері көтеріледі). Осы анықтама қазақ фонетикасына өтіп кеткен. «Грамматикада» мұның жаңаша «жайылыңқы жуысыңқы» деген анықтамасын кездестіреміз. Дұрысы осы анықтама болу керек. Сондықтан біздің рентгенсызба моделімізде жайылыңқы дауыссыздардың жасалымын көрсету үшін арнайы сызық қосылған. Ол қызыл иектен кейінгі жинақы жуысыңқыны көрсететін бірінші сызықтан соң орналасқан

екінші сызық. Тіл ұшының тістің түбіне жайылып барып жуысқанын бейнелейді. Бірінші және екінші сызықтың тіс түбіне жуықтығы екі түрлі болып табылады.



5 сурет. *C* дауыссызының рентгенсызба моделі

6 сурет. *Ш* дауыссызының рентгенсызба моделі

Сонымен қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қатысты айырым белгілері:

- П* – ерін;
- С* – тіл ұшы;
- Т* – тіл ұшы;
- Ш* – тіл ұшы.
- Қ(-К)* – тілшік (тіл ортасы);

Қатаң дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай үш айырым белгінің араласуы (комбинациясы) арқылы басы ажыратылады екен.

Қатаң дауыссыз дыбыстар жасалу амалына (тәсіліне) қарай екі топқа жіктеледі: тоғысыңқы – *П, Т, Қ(-К)*; жуысыңқы – *С, Ш*. Оның ішінде *П* – қос еріннің өзара тоғысуы арқылы жасалады, *Т* – тіл ұшы мен тістің түбінің тоғысуы арқылы жасалады, *Қ(-К)* тілдің түбі мен тілшіктің (тілдің ортасы мен қатты таңдайдың) тоғысуы арқылы жасалады, *С* – тілдің ұшының тістің түбі мен жинақы жуысуы арқылы жасалады, *Ш* – тілдің ұшы мен тістің түбінің жайылыңқы жуысуы арқылы жасалады. «Грамматикадағы» жуысыңқы дауыссыздарды жинақы-жайылыңқы деп іштей жіктелуіне баса назар аударып отырмыз. Алайда тіл ұшы қызыл иекпен тоғысады (жуысады) деген анықтамаға қосыла қою қиын. Біздің пайымдауымызша тіспен таза тоғысып-жуысатын тірізді.

Сонымен қатаң (тербеліссіз) дауыз дыбыстардың жасалу амалына (тәсіліне) қатысты айырым белгілері:

- П* – тоғысыңқы;
- С* – (жинақы) жуысыңқы;
- Т* – тоғысыңқы;
- Ш* – (жайылыңқы) жуысыңқы.
- Қ(-К)* – тоғысыңқы;

Қатаң дауыссыз дыбыстар жасалу амалына (тәсіліне) қарай екі айырым белгінің араласуы (комбинациясы) арқылы басы ажыратылады екен. Оның ішінде *С* мен *Ш* іштей тағы өзара жіктелгенін көруге болады.

Қатаң дауыссыз дыбыстардың жеке айырым белгілері арқылы сол белгілерге лайық жеке модель құрастырылады, ал айырым белгілерінің жиынтығы олардың көрнекі жиынтық моделін құрастырғанда қажет болады. Сонда айырым белгілерінің жиынтығы төмендегідей болып шығады:

- П – ерін, тоғысыңқы; -С – тіл ұшы, (жинақы) жуысыңқы;
- Т – тіл ұшы, тоғысыңқы; -Ш – тіл ұшы, (жайылыңқы) жуысыңқы.
- Қ(-К) – тілшік (тіл ортасы) тоғысыңқы;

Қатаң дауыссыз дыбыстар қазақ тілінің артикуляциялық базасына тән жасалу орындарын түгел қамтиды. Ерін, тіл ұшы, тіл ортасы және тілшік арқылы жасалатын қатаң дауыссыз дыбыстар бар. Қатаң дауыссыздардың ішінде тіл алды мен тіл арты арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс жоқ. Өйткені тіл алды мен тіл арты жасалу орны ретінде қазақ тілінің артикуляциялық базасының құрамында жоқ. Қазақ тілінде қатаң көмей дауыссыздың жоқтығын да осы ретпен түсіндіруге болады. Жасалу орны ретінде көмей қазақ тілінің артикуляциялық базасына кірмейді. Сондықтан да көмеймен жасалатын қатаң дыбыс қазақ тілінде жоқ.

Қазақ тілінің үнді-европа (ағылшын, орыс) тілдерінен айырмашылығы осы қатаң дауыссыздарға байланысты жақсы көрінеді. Қазақ тілінде тіл арты қатаң *К* дауыссыз дыбысы жоқ, оның орнына тіл ортасы қатаң *К* дауыссыз дыбысы бар. Ағылшын, орыс тілдерінде тілшік қатаң дауыссыз жоқ, ал қазақ тілінде тілшік қатаң *Қ* дауыссыз дыбысы бар. Осы тәрізді фонетикалық айырмашылықтарды біліп отыру оқу-әдістеме саласында аса қажет. Мысалы, дауыссыздардың естіліміне құлақ салсақ, онда ағылшын, орыс және қазақ тілдерінің үшеуінде де *К* дыбысы бар. Ал бірақ олардың айтылымы бірдей емес. Ендеше ағылшын тіліндегі *К* дауыссызын қазақ балаларына дұрыс айтқызып үйрету үшін тілді кейін қарай шегіндіріп жаттықтыру керек. Керісінше, қазақ тілін үйренетін ағылшын *К* дауыссызын алға жылжытып айтып дағдылану керек. Олай болмаған жағдайда акцент сақталып қалады.

Қазақ тілінде жуысыңқы дауыссыздың екі түрі бар екен және олар тек тіл ұшына ғана қатысты: жинақы жуысыңқы *С*, жайылыңқы жуысыңқы *Ш*. Олардың сипаттамасы жалпы фонетикадағы осы тектес дауыссыздарға ұқсас келеді.

Тапсырма:

1.Қатаң дауыссыздардың жасалымына (артикуляциясына) дауыс желбезегінің қатысын табындар.

2.Қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі *К* дауыссызының артикуляциялық айырмашылығын табындар.

3.*С* және *Ш* дауыссыздарының артикуляциялық айырмашылығын табындар.

Әдебиет.

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1972.
2. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.

Резюме

В статье описана методика изучения (преподования) артикуляции глухих согласных в казахском языке.

Özet

Bu makale Kazakçadaki sessiz ünsüzlerinin öğretim metodlarına dair.

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез- құлқына
байланысты.

әл-Фараби
